

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 1-17

**Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге
қойылатын талаптар туралы Ереже**

**Алматы
2021 ж.**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.133-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 2-17

**ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» Ғылыми кеңесінің
шешімімен бекітілді**
«25» 11 2021 жыл
№ 4 хаттама

1. Қолданылу саласы

1. Осы Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» - да (бұдан әрі – Академия) іске асырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

2. Ереже Академияда оқу сабақтарын өткізумен байланысты барлық құрылымдық бөлімшелер мен ғылыми-педагогикалық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

3. Ереже келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленген және процедураларды белгілейді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, (04.07.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен енгізілген);

- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

- ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттау өткізу туралы Ереже» («Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 28 тамыздағы шешімімен бекітілген, №1 хаттама);

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 3-17

3. Жалпы ережелер

4. Академияда оқу жұмысының келесі түрлері белгіленген:

- дәріс сабақтары;
- семинар сабақтары;
- практикалық сабақтар;
- жеке сабақтар;
- білім алушылардың өзіндік жұмысы;
- оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы;
- курстық жұмыстар (жобалар);
- кәсіптік практиканың барлық түрлері;
- қорытынды аттестаттау.

1. Оқу жұмысы аудиториялық (дәріс, семинар, практикалық және жеке сабақтар) және аудиториядан тыс жұмыс болып бөлінеді. Аудиториядан тыс жұмысқа оқу жұмысының басқа қалған түрлері жатады.

2. Барлық оқу пәндерінің мазмұны оқу бағдарламаларымен: үлгілік және жұмыс бағдарламаларымен, силлабустармен айқындалады.

3. Оқу сабақтарының барлық түрлері пәннің жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылып, өткізіледі.

4. Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу сабақтары инновациялық технологиялар мен интерактивті оқыту әдістерін, ғылымның, техниканың ең жаңа жетістіктерін, ақпараттық технологиялар мен басқа да интерактивті формаларды қолдануды есепке ала отырып өткізіледі.

4. Оқу сабақтарын ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар

Дәріс сабақтары

9. Дәріс сабақтары – оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формаларының бірі, оқу материалының логикалық тұрғыда бірізді, айқын, қолжетімді формада құрылып, жүйелі түрде мазмұндалуы. Дәрісте пәнді зерделеудегі басты идеялар мен бағыттардың іске асырылуына көңіл бөлінеді.

10. Дәріс сабақтарының мақсаттары – оқу пәнінің бағдарламалық материалын игеру бойынша білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыру.

11. Дәріс сабақтарының міндеттері – оқу пәні бойынша білімдер жүйесін, білім алушылардың жеке тұлғалық және кәсіптік құзыреттерін қалыптастыру, кәсіптік ой-өрісі мен жалпы мәдениетін дамыту, білім алушыларды білімнің пәндік саласында ғылым және практиканың проблемалары мен даму келешектерінің қазіргі жағдайына бағдарлау, жаңа

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 4-17

білімдерді, ғылымның, техниканың мәдениет пен өнердің жаңашыл жетістіктерін игеру.

12. Дәріс сабақтарының функциялары:

- мотивациялық – білім алушылардың оқу пәнінің мазмұнына танымдық қызығушылығын және кәсіптік құзыретін қалыптастыру;
- бағдар беру – оқу материалын одан әрі игеру үшін бағдарлық негізді қамтамасыз ету;
- ақпараттық – білімдер жүйесін дамыту;
- тәрбиелік – білім алушылардың оқыту процесіне саналы қарым-қатынасын тәрбиелеу, өзіндік жұмысқа және мамандықты жан-жақты меңгеруге ұмтылу, ойлауды жандандыру.

13. Дәріс сабақтарының құрылымдық элементтері.

Дәріс сабақтарының құрылымдық элементтеріне: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім кіреді.

Кіріспеді тақырып тұжырымдалады, дәрісті өткізу жоспары, мақсаттары мен формалары беріледі, дәріске арналған әдебиеттер беріліп, өткен материалмен байланысы көрсетіледі, теориялық және практикалық мағынасы сипатталады.

Негізгі бөлімде ұсынылған жоспарға сәйкес дәрістің мазмұны баяндалады, проблеманың мазмұны ашылады, негізгі идеялар мен ережелер, негізделеді, нақтыланады, байланыстар көрсетіледі, құбылыстарға талдау жасалады, қалыптасқан практика мен ғылыми зерттеулерге баға беріледі, даму келешектері ашылып көрсетіледі, қорытынды жасалады. Ұсынылатын дәріс жоспары 3-5 сұрақты қамтиды.

Қорытынды бөлімде қорытынды жасалады, негізгі ережелер қайталанып, қорытындыланады, жалпы қорытындылар тұжырымдалады, өзіндік жұмысты орындау бойынша ұсынымдар баяндалады. Сұрақтарға жауаптар беріледі.

Дәріс сабақтарының типтері.

Дидактикалық мақсаттары мен оқу процесіндегі орнына қарай дәрістер келесі типтерге бөлінеді: кіріспе, нұсқамалық, ағымдық, қорытынды, шолу, нұсқаулық, жалпылау.

Кіріспе дәріс пән бойынша дәрістік курсты ашады. Кіріспе дәріс бүкіл курстың мазмұны, оның басқа пәндермен өзара қатынасы туралы түсінік беруге, нақты ғылым, техника немесе мәдениет саласының құрылымы мен даму логикасын ашуға тиіс.

Нұсқамалық дәріс пәннің негізгі материалына шолу жасайды, білім алушыларға курстың немесе оның бөлімдерінің мазмұнын өз бетінше игеру



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.133-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 5-17

үшін бақылау тапсырмаларын орындау ерекшеліктерімен жалпы нұсқаулар береді.

Ағымдық дәріс пәннің оқу материалын жүйелі баяндау үшін қолданылады.

Қорытынды дәріс – оқу материалын зерделеуді аяқтайды, бұрын зерделенген материал аса жоғары теориялық негізде жинақталады, белгілі бір ғылым саласының даму келешектері қарастырылады.

Шолу дәрісі – бағдарламаның белгілі бір мәселелері туралы жинақталған ақпаратты қамтиды. Бұл дәрістер көбінесе оқытудың соңғы кезеңдерінде пайдаланылады (аралық және қорытынды аттестаттаудың алдында).

Нұсқамалық дәріс практикалық сабақтарда зерделенетін материалды тереңдету, жүйелендіру және жинақтау үшін студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мақсатында өткізіледі. Дәріс барысында студенттер оқу әдебиеттерімен, тақырыптың мазмұнымен жұмыс жасау жөнінде әдістемелік ұсынымдар алады, нұсқамалық тапсырмаларды орындайды.

Жалтылау дәрісі студенттердің алған білімдерін бекіту үшін бөлім немесе тақырып аяқталғанда өткізіледі. Бұл ретте оқытушы негізгі мәселелерді айқындайды, жоғары деңгейде жаңа білімдер, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін жалпы кестелерді, схемаларды, алгоритмдерді пайдаланады, алған білімдерді іскерліктер мен дағдыларды стандартты емес және ізденіс-шығармашылық жағдайларда қолдануға септігін тигізеді.

15. Дәріс сабақтарын өткізу формалары.

Оқытылатын пәннің мәніне және дидактикалық мақсаттарына қарай проблемалық дәріс, дәріс-визуализация, дәріс-баспасөз конференциясы, алдын ала жоспарланған қателермен дәріс, екі адам оқитын дәріс және тағы басқалар сияқты дәріс формалары өткізіледі.

Дәріс-ақпарат – білім алушылардың ойлау және есте сақтауы үшін ғылыми ақпаратты баяндау және түсіндіруге бағытталған. Иллюстративті түсіндіру әдісі қолданылады. Дәріс-ақпарат – жоғары оқу орындарында өткізілетін дәстүрлі дәріс.

Проблемалық дәрісте материал мәселелердің, міндеттер мен жағдайлардың проблемалылығы арқылы баяндалады. Мұнда танымдық процесс ғылыми ізденіс, көзқарастарды талдау және салыстыру процесінде білім алушының дәріс оқушымен диалогы және ынтымақтастығы түрінде өтеді.

Дәріс-визуализация – дәріс материалы техникалық оқыту құралдарының немесе аудио-, видеотехниканың (видеодәріс) көмегімен

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 6-17

визуалдық формада дәрісте көрсетілетін визуалдық материалдарға толық немесе қысқаша комментарий беру арқылы ұсынылады.

Екі адам оқитын дәріс (бинарлық дәріс) – бұл екі оқытушының (не екі ғылыми мектеп өкілдерінің, не теоретик пен практиктің) диалогы формасында өтетін дәріс оқу түрі. Пікірталас мәдениетін көрсету, білім алушыларды проблеманы талқылауға тарту қажет.

Алдын ала жоспарланған қателермен дәріс – білім алушыларды ұсынылатын ақпаратты үнемі бақылау үшін ынталандыруға арналған (мазмұндық, әдіснамалық, әдістемелік, орфографиялық қателерді іздеу). Дәріс соңында білім алушылардың біліміне диагностика және жіберілген қателерге талдау жасалады.

Дәріс-конференция – ғылыми-практикалық сабақ түрінде өткізіледі, оқу бағдарламасы аясында алдын ала берілген мәселе бойынша білім алушылар ұзақтығы 5-10 минут баяндамалар жасап, сөз сөйлейді. Дәрістің соңында оқытушы ақпаратты қорытындылап, толықтырады және нақтылайды, негізгі қорытындыны шығарады.

Дәріс-баспасөз конференциясы – баспасөз конференциясы түрінде өткізіледі. Оқытушы дәріс тақырыбын айтып, білім алушылардан өзіне осы тақырып бойынша жазбаша сұрақтар қоюын сұрайды. Әрбір білім алушы 2-3 минуттың ішінде өзін қызықтыратын мәселе бойынша сұрағын қағазға жазып, дәріс оқушыға беруге тиіс. Дәріс оқушы 3-5 минуттың ішінде сұрақтарды мағыналық мазмұнына қарай реттеп, дәріс оқуды бастайды.

Материал әрбір берілген сұраққа жауап ретінде емес, тақырыпты байланысты түрде ашып көрсету арқылы баяндалады, осы процесс барысында тиісті жауаптар беріледі. Дәрістің соңында дәріс оқушы білім алушылардың білімі мен қызығушылықтарын көрсететін сұрақтарына қорытынды бағалау жүргізеді. Дәріс-баспасөз конференциясын тақырыпты немесе бөлімді оқыту алдында, ортасында және соңында өткізген дұрыс.

Дәріс-консультация – сабақтың бұл формасын практикалық бағыты нақты айқын тақырыптарды зерделеу үшін қолданған абзал.

Осындай дәрістерді өткізудің бірнеше нұсқалары кездеседі:

1-нұсқа. Сабақтар кіріспе дәрістен басталады, оқытушы білім алушылардың назарын қарастырылатын ереженің қолданылу практикасымен байланысты бірқатар проблемаларға аударып, білім алушыларға сұрақтар қояды.

Сабақтың негізгі бөлімінде (оқу уақытының 50%-не дейін) сұрақтарға жауап беруге көңіл бөлінеді, сабақ соңында шағын пікірталас, еркін пікір алмасу өткізіліп, дәріс оқушы қорытынды сөз сөйлейді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 7-17

2-нұсқа. Сабақ өткізілетін күннен бірнеше күн бұрын оқытушы студенттерден жазбаша түрде сұрақтарды жинап алады.

Сабақтың бірінші бөлімі дәріс түрінде өтеді, оқытушы өзінің қалауына қарай осы сұрақтарды толықтырып, дамыта отырып, сұрақтарға жауап береді. Екінші бөлімі тыңдаушылардың қосымша сұрақтарына жауап беру, еркін пікір алмасу түрінде өтеді және оқытушының қорытынды сөзімен аяқталады.

3-нұсқа. Студенттер сабаққа арналған материалды алдын ала алады. Әдеттегідей, материал оқу түрінде ғана емес, нұсқамалық сипатта болады, яғни практикалық қолдануға арналған әдістемелік нұсқаулық түрінде беріледі. Студенттер материалды зерделеп, дәріс оқушы-консультантқа өз сұрақтарын дайындауға тиіс. Сабақ сұрақтарға жауап беру және еркін пікір алмасу түрінде өтеді. Оқытушы консультацияда жай ғана қорытынды жасап, сабақты аяқтайды немесе қарастырылатын материалдарды қолдану практикасын жинақтап, соңғы қорытынды сөз сөйлейді.

4-нұсқа. Сабақтың бірінші бөлімі белгілі бір лауазымды тұлғаның немесе ұжымның озық жұмыс тәжірибесі туралы қысқаша хабарлама жасау, видеоматериал көру формасында өтеді. Студенттер осы тәжірибе жайында алдын ала егжей-тегжейлі материалды ала алады (кітаптар, брошюралар, сипаттамалар). Сабақтың екінші бөлімі білім алушылардың сұрақтарына жауап беру формасында құрылады.

5-нұсқа. Сабақ топтық консультация формасында өткізіледі, сабаққа бір оқытушы ғана емес, сондай-ақ оқыту саласындағы бірнеше жоғары білікті мамандар қатысады. Аса өзекті әрі кешенді проблемаларды қарастыру кезінде топтық консультацияның осындай түрін қолданған тиімді.

Дәріс-әңгіме – бұл кең таралған және тыңдаушыларды оқу процесіне белсенді тарту формасы. Дәрістің осы түрі псевдодиалог, диалог және полилогты тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың дәріс оқушымен өтетін интенсивті әңгімеге барынша қатысуын көздейді. Бұл жағдайда аудиторияға қойылатын жекеленген сұрақтар, оның бірте-бірте пікірталасқа айналуын ұйымдастыру, альтернативалардың пайда болуы үшін жағдайлар жасау белсенді құралдар ретінде қолданылады. Бұл дәріс бірнеше түрге бөлінеді: дәріс-диалог, дәріс-пікірталас, дәріс дәріс-диспут, дәріс-семинар (полилог).

Кәдімгі дәріспен салыстырғанда бұл форманың басымдылығы, ол тақырыптың ең маңызды сұрақтарына тыңдаушылардың назарын аударады,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 8-17

аудиторияның ерекшелігін есепке алғанда, оқу материалының мазмұнын, баяндау әдістері мен қарқынын айқындайды.

Онлайндәріс. Мұндай дәрісті өткізуде бағдарламалық оқыту үшін арнайы жабдықталған сыныптар қолданылады, сыныптарда әрбір білім алушы үшін оқытушының компьютерімен байланысқан жеке компьютердің болуы шарт. Осылайша, ол техникалық құрылғылардың көмегімен өзі қойған сұраққа топтағы барлық тыңдаушылардан жауап ала алады. Сұрақтар дәрістің әр бөлімінің басында және соңында қойылады. Алғашқы жағдайда, қанша тыңдаушы проблеманы білетінін анықтау үшін өткізіледі. Егер аудитория жалпы алғанда, кіріспе сұраққа дұрыс жауап берсе, оқытушы бөлімнің мазмұнын қысқаша тезиспен баяндап, дәрістің келесі бөліміне көшуі мүмкін. Егер дұрыс жауаптардың саны тым төмен болса, онда ол дәрістің тиісті бөлімін оқиды, осыдан кейін білім алушылардың баяндалған материалды меңгеру дәрежесін анықтау үшін тыңдаушыларға жаңа сұрақтар қояды. Бақылау сауалнамасының нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, оқытушы материалды беру әдістемесін өзгерте отырып, оқылған бөлімге қайта оралады.

16. Дәріс сабағын дайындау тәртібі:

- пәннің үлгілік және жұмыс оқу бағдарламасының талаптарын зерделеу;
- дәрістің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- дәрісті өткізу формасы мен сценарийін әзірлеу;
- әдебиеттерді іріктеу (дәріс сабағының тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімдік басылымдармен танысу);
- оқу материалының мазмұны бойынша қажетті және жеткілікті материалды іріктеу, негізгі және қосымша әдебиеттер тізімін құрастыру;
- мазмұндау жүйелілігі мен логикасын таңдау, конспект жазу (дәрісте жеке бөлімдерді айқындап, әрбір бөлімнен кейін тақырыпты жалпылау қажет);
- конспект құрастыру немесе тезистер, жоспар түрінде баяндау;
- иллюстративтік материалды, оқытудың техникалық құралдарын (әрі қарай ОТҚ) іріктеу/көрнекі құралдар (кестелер, суреттер, схемалар), үлестірме белсенді материалдарды (әрі қарай ҮБМ), дидактикалық материалдар мен видео, белсенді аудиовизуалдық құралдарды әзірлеу;
- дәріс сабағын модельдеу.

17. Дәріс сабағын өткізу тәртібі.

Дәріс сабақтары арнайы жабдықталған дәріс аудиторияларында өткізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 9-17

- Кіріспе бөлім, білім алушыларды дәріс тақырыбымен, оның жоспарымен, мақсаттары және міндеттерімен, өзіндік жұмыс үшін ұсынылатын әдебиеттермен, қолданылатын видеоматериалмен, дәріс материалын бекіту және келесі дәріске дайындалуға арналған тапсырмалармен (үй тапсырмасы) таныстыру;

- дәрістің тақырыбын ашып көрсететін негізгі бөлім;
- қорытындылар мен жалпылаулар берілген қорытынды бөлім, балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша қорытынды жасау.

18. Дәріс сабақтарын әдістемелік қолдау.

Дәріс сабақтары өзінің мазмұны және мазмұндау мақсаттарымен үлгілік оқу бағдарламасына және пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес келуі тиіс. Дәріс оқушы семестр басталғанға дейін тиісті саланың заманауи жетістіктерін есепке ала отырып, қолдағы оқу-әдістемелік материалдарды жаңартуы тиіс.

Дәріс сабақтарында оқытушыда:

- силлабус;
- дәріс конспектілері, үлестірме белсенді материалдар, дидактикалық материалдар мен аудиовизуалдық материалдар болуы тиіс.

Дәріс сабақтарында білім алушыларда:

- силлабус;
 - студенттердің сабаққа қатысу журналы (топ старостасында);
 - берілген және алдыңғы дәрістер бойынша конспектілер (тезистер)
- ҮБМ болуы тиіс.

Семинар сабақтары:

19. Семинар сабақтары – бұл оқытуды ұйымдастыру формасы, оның мақсаты дәрісте алған, өзіндік жұмыс барысында игерген кәсіби білімдер мен іскерліктерді бекіту болып табылады.

20. Семинар сабақтарының мақсаты – білім алушылардың танымдық қабілеттерін, өз бетінше ойлау және шығармашылық белсенділігін дамыту.

21. Семинар сабағының міндеттері:

- білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше жұмыс істеуін дамыту;
- білім алушылардың ғылым мен ғылыми зерттеулерге қызығушылығын нығайту;
- оқу пәні бойынша білімдерді бекіту, тереңдету және кеңейту;
- оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша әдебиеттер көздерін зерделеу және талдау;
- зияткерлік міндеттер мен проблемаларды анықтау және оларды шешу іскерліктерін қалыптастыру;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 10-17

- әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.
Семинар сабағының функциялары.

- Бақылау – білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелерін, олардың алғашқы әдебиеттер көздерімен жұмыс істей білу, конспект, рефераттар құрастыру іскерліктерін ағымдық бақылау;

- танымдық – өз бетінше ауызша баяндамалар жасау дағдыларын қалыптастыру, жеке көзқарасын негіздеу және қорғау;

- дамыту – студенттерді (магистранттарды, докторанттарды) оқытудағы жеке қиындықтарды айқындау;

- тәрбие - студенттерге (магистранттарға, докторанттарға) пікірталас жүргізу және әріптесті тыңдай білу ережелерін үйрету, студенттердің (магистранттардың, докторанттардың) жеке ерекшеліктерін айқындау.

23. Семинар сабағының құрылымдық элементтері.

Семинар сабағының құрылымдық элементтеріне оқытушының кіріспе сөзі, негізгі бөлім, оқытушының қорытынды сөзі жатады.

Оқытушының кіріспе сөзі оқытылатын курстағы семинар сабағы тақырыбының орны мен мағынасын, сабақтың мақсаттары мен міндеттерін сипаттайды.

Негізгі бөлімде білім алушылар сөз сөйлейді, тақырып бойынша жоспарлаған сұрақтар талқыланады.

Оқытушы қорытынды сөзде баға береді және білім алушылардың қызметі туралы қорытынды жасайды, өзіндік жұмысты ұйымдастыру және келесі семинар сабағына дайындалу жөнінде ұсынымдар береді.

24. Семинар сабақтарының түрлері:

- әңгіме;
- баяндамалар мен рефераттарды тыңдау және талқылау;
- диспут;
- семинардың аралас формасы;
- просеминар;
- пәнаралық семинар;
- проблемалық семинар;
- тақырыптық семинар;
- бағдар беру семинары;
- ми шабуылы;
- экскурсия;
- іскери ойын;
- дөңгелек үстел.

25. Семинар сабақтарының мазмұны.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 11-17

Семинар сабақтары негізінен әдебиеттерді ғылыми-теориялық талдауды талап ететін гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша өткізіледі.

Семинар сабақтарында курстың негізгі тақырыптары талқыланады. Бұл тақырыптар білім алушылардың кәсіптік даярлық сапасын айқындайды. Семинар сабақтарының мазмұнына:

- оқу пәнінің маңызды тақырыптары бойынша білім алушылардың хабарламалары мен баяндамаларын талқылау;
- сабақ жоспарына сәйкес оқу пәнінің нақты мәселелерін талқылау;
- білім алушыларға ұсынылған бастама міндеттер мен мәселелерді талқылау;
- оқу пәнінің теориялық ережелері мен тұжырымдамаларын талдау кіреді.

Әдеттегідей, семинар сабақтарына шығарылатын сұрақтардың саны 3-5 сұрақтан аспайды.

26. Семинар сабағына дайындалу тәртібі:

- пәннің үлгілік және жұмыс оқу бағдарламасының талаптарын зерделеу;
- семинардың мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау;
- семинардың кіріспе және қорытынды бөлімдерін модельдеу;
- білім алушыларға сұрақтар мен тапсырмаларды (оның ішінде шығармашылық және жеке) алдын ала тарату;
- семинарда талқылауға негіз болатын проблемалармен танысу;
- білім алушыларға семинарға дайындалу бойынша ұсынымдар беру.

27. Семинар сабағын өткізу тәртібі:

Кіріспе бөлім: мақсаттар мен міндеттерді белгілеу және сабақтың негізгі ойын баяндау.

Негізгі бөлім:

- семинардың негізгі проблемаларын, оның жалпы міндеттерін қалыптастыру;
- пікірталас ұйымдастыру: проблеманы белгілеу, негізгі бағыттарды айқындау;
- баяндама жасаушының мәселе бойынша негізгі ережелерді ашып көрсетіп, сөз сөйлеуі;
- бірлесіп баяндама жасаушылардың проблеманы өз пайымдауымен ашып көрсетуі арқылы сөз сөйлеуі;
- баяндамалар мен бірлескен баяндамалар бойынша пікірталас.

Қорытынды бөлім: пікірталастың аяқталуы, проблеманы одан әрі зерделеу бағытын жалпылау және белгілеу, өзіндік жұмысты ұйымдастыру

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 12-17

бойынша ұсынымдар, білім алушылардың жұмыс нәтижелерін балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағалау.

28. Семинар сабағын әдістемелік қолдау.

Семинар сабақтары өзінің мазмұны және мақсаттарымен пәннің үлгілік және жұмыс оқу бағдарламасына, силлабусына сәйкес келуі тиіс.

Семинар сабақтарында оқытушыда:

- силлабус;
- сабақты өткізу сценарийі, ҮБМ, дидактикалық материалдар мен аудиовизуалдық материалдар болуы тиіс.

Семинар сабақтарында білім алушыларда:

- силлабус;
- студенттердің сабаққа қатысу журналы (топ старостасында);
- сабақтың тақырыбы бойынша әзірлемелер (баяндамалар, рефераттар, слайдтар, эссе, кейстер және т.б.) болуы тиіс.

Практикалық сабақтар

29. Практикалық сабақ – оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формаларының бірі, оқу пәнінің ғылыми негіздерін меңгеру, іскерліктер мен дағдыларды, шығармашылық қызмет тәжірибесін игеру мақсатында студенттер оқытушының жетекшілігімен оқу тапсырмаларының кешенін орындайды.

30. Практикалық сабақтардың мақсаттары – білім алушыларды кәсіби қызметке дайындау, олардың орындаушылық дағдылары мен танымдық қабілеттерін, өз бетінше ойлау және шығармашылық белсенділігін дамыту.

31. Практикалық сабақтардың міндеттері:

- нақты міндеттерді шешу кезінде студенттердің білімдерін бекіту, тереңдету және нақтыландыру;
- орындаушылық дағдыларды дамыту, оқу материалын орындау үлгісі мен сипаты бойынша жұмыс жасау;
- хореографиялық пәндер бойынша сабақ өткізудің педагогикалық дағдыларын, концертмейстермен өзара іс-қимыл дағдыларын, арнайы пәндерді музыкалық сүйемелдеуді таңдай білу іскерлігін дамыту;
- шығармашылық ұжымдармен жұмыс жасау әдістемесін, репетиторлық және қойылымдық жұмыс дағдыларын меңгеру;
- танымдық қабілеттерді, өз бетінше ойлау және шығармашылық белсенділікті дамыту;
- нақты оқу пәнін оқытудың жаңа әдістері мен әдістемелерін меңгеру;
- тапсырмаларды орындау үшін логикалық тұрғыда түсініп ойлау қабілеттерін қалыптастыру;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 13-17

- оқытудың ұжымдық және жеке формаларын тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету, сыни ойлау және өзінің кәсіби қызметін бағалауды меңгеру.

32. Практикалық сабақтың функциялары:

- танымдық – өз бетінше зерттеу, өз көзқарасын негіздеу және қорғау дағдыларын қалыптастыру;

- дамыту – оқыту мен өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезінде жеке қиындықтарды айқындау;

- тәрбие – оқыту процесіне саналы қарым-қатынасты тәрбиелеу, мамандықты жан-жақты меңгеру бойынша өзіндік жұмысқа ұмтылу, білім алушылардың ойлау қабілетін жандандыру.

33. Практикалық сабақтардың құрылымдық элементтері.

Практикалық сабақтардың типтік құрылымдық элементтері: кіріспе, негізгі және қорытынды бөлім.

Кіріспе бөлімде сабақтың тақырыбы, мақсаттары, міндеттері, оның білім алушыларды кәсіби даярлаудағы маңыздылығы тұжырымдалады; жұмыстың теориялық негіздері, берілген тақырыптың курстағы басқа тапсырмалармен байланысы баяндалады, білім алушылардың сабаққа дайындығы тексеріледі.

Негізгі бөлім – практикалық – міндеттерді, проблемалық жағдайларды шешу.

Қорытынды бөлімде білім алушылардың сұрақтарына жауап беріледі, сабақ қорытындысы шығарылады (балдық-рейтингтік әріптік жүйеге және пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесіне сәйкес, оқытушы әрбір білім алушының жұмыс нәтижесін тиісті балмен бағалайды), студенттердің білімдері мен іскерліктері жүйесіндегі кемшіліктерін жою, жұмыс нәтижелерін жақсарту бойынша ұсынымдар береді, өткен материалды бекіту үшін және келесі практикалық сабаққа дайындалу бойынша үйге тапсырма беріледі.

34. Практикалық сабақтарды ұйымдастыру формалары оқу пәнінің өзіндік ерекшеліктеріне және оқыту мақсаттарына сәйкес айқындалады. Олар: жаттығулар орындау, типтік тапсырмаларды шешу, нақты жағдайларды модельдеу сабақтары, іскери ойындар, ойын түрінде жобалау, ұйымдарға (кәсіпорындарға) барып сабақ өткізу, сабақ-конкурстар.

35. Практикалық сабақтардың мазмұны.

Практикалық сабақтардың мазмұнына:

- тақырыптық міндеттерді, оның ішінде кәсіби (өндірістік жағдайларды талдау, өндірістік, экономикалық, педагогикалық міндеттерді шешу) және басқа да міндеттерді шешу, басқарушылық шешімдер қабылдау; іскери ойындарда кәсіптік функцияларды атқару және т.б;



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

П 017-1.133-2021

№1 Баспа
25.11.2021ж.

Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға
және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 14-17

- өткен теориялық оқу материалының негізінде оқу-би комбинацияларын сауатты құру дағдыларын қалыптастыру;
- орындаушылық техникасын жетілдіру: оқу материалын практикалық көрсету кезіндегі мәнер, мінез және әртістілік;
- жобалық, жоспарлық және басқа да құжаттарды, оның ішінде арнайы құжаттарды және тағы басқаларды құрастыру;
- нормативтік құжаттар мен анықтамалық материалдарды зерделеу, өндірістік құжаттаманы талдау, оларды пайдаланып тапсырмаларды орындау;
- алгоритмдер әзірлеу және іске асыру;
- жаттығулар орындау, тренингтер мен семинарлар;
- оқытылатын оқу пәндерінің ерекшелігімен шартталған басқа да қызмет түрлері.

Практикалық сабақтарда білім алушылар алғашқы кәсіби іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, кейін бұл іскерліктер мен дағдылар курстық жұмысты орындау процесінде, өндірістік (кәсіптік) практикадан өткенде, СҒЗЖ (студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы) және ДҒЗЖ (докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы) орындау кезінде бекітіледі.

36. Практикалық сабақтарды дайындау тәртібі:

- пәннің үлгілік және жұмыс оқу бағдарламасының талаптарын зерделеу;
- практикалық сабақтың мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау;
- практикалық сабақты өткізу жоспары мен сценарийін әзірлеу;
- практикалық сабақтың мазмұнын іріктеп алу (типтік және типтік емес міндеттерді, тапсырмаларды, сұрақтарды іріктеу);
- практикалық сабақты әдістемелік материалдармен, оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың қызығушылығы мен назарына қолдау көрсету әдістерін, тәсілдері мен құралдарын анықтау, оларды шығармашылық ойлауға ынталандыру;
- практикалық сабақты модельдеу.

37. Практикалық сабақтарды өткізу тәртібі.

Кіріспе бөлім:

- сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын хабарлау;
- практикалық материалдармен жұмыс жасауға және практикалық қызметті іске асыруға қажетті теориялық білімдерді жандандыру.

Негізгі бөлім:

- басқарушылық шешімдер қабылдау немесе басқа да практикалық қызмет алгоритмін әзірлеу;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 15-17

- тапсырмаларды шешу, жаттығулар орындау;
- алынған нәтижелерді бекіту тәсілдерімен танысу;
- эксперименттер немесе практикалық жұмыстарды жүргізу.

Қорытынды бөлім:

- алынған нәтижелерді жинақтау және жүйелендіру;
- келесі сабаққа тапсырмалар беру;
- игерілген материалды бақылау;
- практикалық сабақты қорытындылау және білім алушылардың жұмысын бағалау.

Практикалық сабақтарды әдістемелік қолдау.

Практикалық сабақтар өзінің мазмұны және мақсаттарымен пәннің үлгілік жұмыс оқу бағдарламасы мен силлабусына сәйкес келуі тиіс.

Практикалық сабақтарда оқытушыда:

- силлабус;
- сабақты өткізу сценарийі, ҰБМ, дидактикалық материалдар мен аудиовизуалдық материалдар, практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар, есептер, тапсырмалар, жаттығулар жинақтары, анықтамалар, білім алушылардың практикалық сабақтарға дайындығын бақылау үшін бақылау-өлшеу материалдары болуы тиіс.

Практикалық сабақтарда білім алушыларда:

- силлабус;
- студенттердің сабаққа қатысу журналы (топ старостасында);
- аудиториялық және үй тапсырмаларын орындауға арналған дәптер болуы тиіс.

Жеке сабақтар

39. Жеке сабақ – жеке білім алушыларға берілетін және өз бетінше орындалатын сабақ.

40. Жеке сабақтардың мақсаттары – танымдық қабілеттерді, қажетті білімдер мен негізгі дағдыларды дамыту, инструментте ойнау дағдыларын, ән салу дағдыларын, актерлік шеберлікті меңгерген жоғары білікті мамандарды тәрбиелеу.

41. Жеке сабақтардың міндеттері: оқу пәні бойынша білімдерді бекіту, тереңдету және кеңейту;

- білім алушыларға әртүрлі стильдердің, жанрлардың, орындаушылық мектептердің шығармаларымен жұмыс жасау дағдыларын үйрету;
- ноталық мәтінді сауатты талдай білу, шығармамен өз бетінше жұмыс жасау;
- стилі, жанры әртүрлі музыкалық шығармаларды зерделеу;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021 №1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже <u>Нормативтік құжат түрі</u>	Бет 16-17

- сүйемелдеу және ансамбльде ойнау дағдыларын меңгеру және дамыту;

- студенттердің түрлі техникалық қиындықтарды жеңу дыбыс жолдары мен әдістері, барлық орындаушылық әдістердің, штрихтардың, аспаптың тембрлік дыбысының айқын мәнін түсіну туралы білімдерді меңгеруі;

- жеке және әртістік қабілеттерді дамыту мақсатында жоғары көркемдік концерттік репертуарды шығармашылық түрде меңгеру үшін кәсіби орындаушылық шеберлік негіздерін практикалық игеру саласында арнайы құзыреттерге ие болу.

42. Жеке сабақтардың мазмұнына:

- ноталық сауатты зерделеу;
- оқу репертуарын, сюжетті, образды таңдау;
- аспапта қолдарды қою;
- аспапта орындаудың техникалық әдістерімен жұмыс;
- музыкалық мәнерлілік құралдарымен жұмыс (штрихтер, артикуляция, аппликатура, динамикалық ерекшеліктер және т.б.);

- техникалық қиындықтарды жеңу үшін тиісті жаттығуларды орындау, би қимылдары арқылы ырғақты дамыту;

- көркем шығармалардың идеялық-тақырыптық негіздерін әзірлеу және құру;







- музыкалық шығармалардың көркемдік образымен жұмыс жасау кіреді.

43. Жеке сабақтарды өткізу тәртібі:

- сабақтар кестеге сәйкес өткізіледі;
- білім алушылардың сабаққа дайындығы тексеріледі;
- сабақ пәннің жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес оқытылатын оқу репертуары мен жеке бағдарламаға сай өткізіледі;

- сабақтың қорытындысы шығарылады (әріптік балл-рейтинг жүйесіне және пән бойынша орындаушылық шеберліктің практикалық көрсетілімін орындау және тапсыру кестесіне сәйкес, оқытушы әрбір білім алушының жұмыс нәтижесін тиісті балмен бағалайды).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017-1.133-2021
		№1 Баспа 25.11.2021ж.
	Оқу сабақтарының мазмұнына, оларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар туралы ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 17-17

Әзірленді:		
Оқу-әдістемелік қызметі басшысы		Есенбекова Г.Ж.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сеитбекова Г.Д.
Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметі басшысы		Турдалиева Б.К.
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы		Кульшанова А.А.
Әдістемелік бөлім басшысы		Бакеева М.К.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.